

## БЕКІТЕМІН

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма мүшесі-проректор академиялық мәселелер бойынша



Т.З. Жүсіпбек

2021 ж.

### Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті факультетінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы туралы ереже

#### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III «Білім туралы» Заңына, 29.11.2007 ж. № 583 Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына, 30.10.2018 ж. №595 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) университеттің академиялық саясатын іске асыруды және кадрларды даярлау сапасының мониторингін қамтамасыз ететін алқалы орган болып табылады.

#### 2. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының жұмыс тәртібі

2.1 Комиссияның өкілеттік мерзімі бір оқу жылын құрайды.

2.2 Комиссия құрамын Факультет кеңесі кафедра меңгерушілерінің ұсынымдары бойынша бекітеді.

2.3 Комиссия жұмысы Факультет кеңесінің отырысында қабылданып, факультет деканы бекіткен жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2.4 Комиссия отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

2.5 Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

2.6 Комиссияның әрбір отырысы хаттамамен ресімделеді, оған төраға мен хатшы қол қояды.

#### 3. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының құрамы

3.1 Комиссияның тұрақты құрамына факультеттің барлық кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді. Комиссияға шақырылған мүшелер ретінде білім алушылар мен жұмыс берушілер кіруі мүмкін,



олардың отырыстарға қатысуы таңдаулы сипатқа ие болып, төраға шешімімен айқындалуы мүмкін. Білім алушылар мен жұмыс берушілердің комиссия отырысына қатысуы отырыс күн тәртібінің мазмұнымен шартталуы тиіс.

3.2 Өкілдік факультеттің барлық кафедраларының мүдделерін қамтамасыз етуі тиіс. Комиссияның сандық құрамы факультеттегі кафедралар санынан кем болмауы керек және кем дегенде 9 мүшеден тұруы тиіс.

3.3 Отырысқа қатысушылардың кворумы тұрақты құрам мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігін құрауы тиіс.

3.4 Комиссияны жоо-да әдістемелік және педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар төраға басқарады.

#### **4. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының функциялары**

4.1 Факультетте білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;

4.2 Факультеттің профессор-оқытушылар құрамының сабақтарына өзара қатысуды жоспарлау;

4.3 Сабақтарға қатысу, оларды өткізу сапасын талдау, білім сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар жасау;

4.4 Факультеттің оқу-әдістемелік базасын дамыту бойынша жоспарлы құжаттарды әзірлеуге қатысу;

4.5 Факультеттің профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық шеберлігін жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

4.6 Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру аясында профессор-оқытушылар құрамына әдістемелік көмек көрсету;

4.7 Факультет білім алушыларының үлгерімін, білім беру үдерісіне қатысушылардың дайындық сапасына қанағаттануын талдау;

4.8 Білім сапасын қамтамасыз етуге бағытталған университеттің стратегиялық міндеттерін іске асыруға қатысу;

4.9 Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ Академиялық адалдық қағидалары аясында білімді бағалау тетіктерінің тиімділігін мониторингілеу;

4.10 Университеттің Академиялық кеңесінің қарауына ұсынылатын инновациялық білім беру бағдарламаларының жобаларына сараптама жүргізу;

4.11 Бекітілген жұмыс жоспары және білім беру саласындағы университеттің даму стратегиясы аясында университеттің Академиялық кеңесімен өзара іс-қимыл жасау;

4.12 Комиссияның оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу;

4.13 Факультеттің білім беру бағдарламалары шеңберінде, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару жоспарларын әзірлеуге қатысу;

4.14 Професор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік әдебиеттерді дайындау сапасын бақылау;



4.15 Кафедра меңгерушілерін және факультет деканын сапа саласындағы ықтимал тәуекелдер мен университеттің Академиялық кеңесінің шешімдері туралы хабардар ету;

4.16 Факультеттің Академиялық кеңес шешімдерін орындауы бойынша жұмысты ұйымдастыру.

**5. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы туралы ережені бекіту және оған өзгерістер енгізу тәртібі**

5.1 Осы Ережені академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор бекітеді;

5.2 Осы Ереже жоғары оқу орнындағы академиялық жұмысты ұйымдастыруға қойылатын жаңа сыртқы талаптардың туындауына, «ҚарУ академиялық саясатын» өзектендіруге Академиялық кеңестің, Ғылыми кеңестің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне байланысты өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ  
Академиялық кеңесінің отырысында  
мақұлданды  
(21.10.2021 ж. № 1 хаттама)